



31.10.2025 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» бөбекжай-балабақшасы

Топтар: «Звездочки» ересек тобы

«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 03.11 – 07.11. 2025 жыл (1-апта)

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы

Апта дәйексөзі: «Отаным - алтын бесігім!»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 03.11	Сейсенбі 04.11	Сәрсенбі 05.11	Бейсенбі 06.11	Жұма 07.11
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Менің отбасым»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» ҚР Гимн орындау (дүйсенбі күні)				
	Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қазақ тілі педагогі тәрбиеленушілерге қазақ тілі кабинетінде өзін қалай ұстау керектігін еске салады: кабинетте жүгіруге, секіруге, шулауға болмайды; басқа балалардың саусақтары қысылып қалмас үшін орындықтарда тербелуге болмайды; басқа балалар шалынып қалмас үшін аяқты алға созуға болмайды.				
	«Күй күмбірі» күй тыңдау Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында күй қою: «Қос алқа» күйі https://zvyki.com/song/188839023/os_al_a_-_D_uletkerej_-_os_al_a/				
	«Өнегелі 15 минут» «Мейірімді адамдар» Балалар шеңберге тұрады. Педагог кезекпен әрқайсысына доп лақтырады. Допты ұстаған бала кез-келген мейірімді адамды атайды және оның неге мейірімді екенін түсіндіреді				

(жауаптың үлгісі: менің әпкем мейірімді, өйткені ол менімен күнде ойнайды, маған көмектеседі).					
Сөздік минимум	<p>Ана, әке, ата, апа, әже, аға, іні, әпкем</p> <p>Менің анам, менің әкем, менің атам, менің апам, менің әжем, менің ағам, менің інім, менің әпкем</p> <p>Ана, әке, ата, әже, аға, іні, әпке, сіңілі.</p> <p>Бұл кім? Бұл – менің інім.</p> <p>Менің анам, менің әкем, менің атам, менің апам, менің әжем, менің ағам, менің інім, менің қарындасым, менің әпкем, менің сіңлім.</p> <p>Ә дыбысы - Әже, әке</p>		<p>Отбасы, кімді, жақсы көремін. Бұл – менің анам. Менің анам әдемі.</p> <p>Мен анамды жақсы көремін. Мен атамды жақсы көремін. Мен әжемді жақсы көремін. Мен әкемді жақсы көремін. Күшті, ақылды.</p> <p>Менің әкем ақылды.</p> <p>Менің анам әдемі. Менің інім бар.</p> <p>Менің ағам бар.</p>		
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	<p>Ересек топ</p> <p>Тақырыбы:</p> <p>«Менің отбасым» Міндеттері: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету: ә, і қарапайым сұрақтарға (Бұл кім?) жауап беруді үйрету.</p> <p>«Амандасайық» жаттығуы</p> <p>Бейнежазба көру «Менің отбасым»</p> <p>Тыңда, қайтала.</p> <p>Бұл кім? Бұл – ата.</p> <p>Бұл кім? Бұл – әже.</p> <p>Бұл кім? Бұл – әке.</p> <p>Бұл кім? Бұл – ана.</p> <p>Есте сақта!</p> <p>Менің – мой, моя</p> <p>Менің атам, менің әжем.</p> <p>Менің анам, менің әкем.</p>		<p>Мектепалды тобы</p> <p>Тақырыбы:</p> <p>«Менің отбасым»</p> <p>Міндеттері:</p> <p>балалардың қазақ тілінде «отбасы» тақырыбы бойынша білімдерін бекіту;</p> <p>тақырыптық сөздік қорды кеңейту, дұрыс айту мен есте сақтау қабілеттерін дамыту;</p> <p>менің атам, менің әжем сөз тіркестерін қолдана білуге үйрету;</p> <p>Әңгімелесу</p> <p>Балалар, отбасы дегенді қалай түсінеміз?</p> <p>Отбасы дегеніміз – бұл ата-ана, бауырлар мен жақын адамдар. Біз отбасы мүшелерімен бірге өмір сүріп, бір-бірімізге көмектесеміз,</p>		

	<p>Үлгі бойынша айт. Бұл – менің анам. Оның аты – Маржан. Саусақ жаттығуы «Отбасы» Бас бармағым — атам, Балан үйрек – әжем, Орған терек – әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкентай бөбек – мен, Бұлардың барлығы менің отбасым.</p> <p>Қорытынды - Балалар, бүгін кімдер туралы сөйлестік?</p> <p><u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Отбасы. Ә дыбысы» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, і дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; туыстық қатынасты білдіретін сөздерді айту, түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету;</p> <p>Амандасу Шаттық шеңбері Балалар, еменде тамыр, дің, бұталар мен жапырақтар бар .</p>		<p>қамқорлық жасаймыз. Сенің отбасыңда кімдер бар? Есте сақтайық Отбасы Кімді Жақсы көремін Тыңда қайтала Бұл – менің анам. Менің анам әдемі. Мен анамды жақсы көремін. Бұл – менің әкем. Менің әкем күшті. Мен әкемді жақсы көремін. Бұл – менің атам. Менің атам ақылды. Мен атамды жақсы көремін. Бұл – менің әжем. Менің әжем әдемі. Мен әжемді жақсы көремін. Сұраққа жауап бер Сен кімді жақсы көресің? Тыңда. Отбасың туралы айт. Бұл – менің отбасым. Бұл – менің әкем. Оның аты – Әділбек. Ол күшті. Бұл – менің анам. Оның аты – Жансая. Ол әдемі. Бұл – менің інім. Оның аты – Айдар. Ол ақылды. Мен отбасымды жақсы көремін. Суретпен жұмыс Бұл кімнің отбасы? Бұл – менің отбасым. «Отбасындағы рөлдер» ойыны Мұғалім балаларға әр отбасы мүшесінің рөлі туралы айтып береді (мысалы, әке жұмыс істеп, отбасын асырайды, ана үй шаруасын жасайды, балалар оқиды, ата-әже ақылшы болады т.б.). Балалар осы</p>		
--	--	--	--	--	--

	<p>Айтыңдаршы, осы ағаш пен сендердің отбасыларыңның арасында ортақ не болуы мүмкін</p> <p>Ағаш біздің отбасымыздың ата-тек шежіресін еске салады</p> <p>Біздің арғы аталарымыз бен арғы әжелеріміз – шежіре-ағаштың тамыры</p> <p>Аталарымыз бен әжелеріміз – діңі.</p> <p>Бұталар – ата-аналарымыз.</p> <p>Ал балалар осы бұтақтардың жапырақтары.</p> <p>Біз бүгін отбасы туралы әңгімелесетін боламыз.</p> <p>Топпен жұмыс.</p> <p>Тыңда, қайтала.</p> <p>Бұл кім? Бұл – ата.</p> <p>Бұл кім? Бұл – әже.</p> <p>Бұл кім? Бұл – әке.</p> <p>Бұл кім? Бұл – ана.</p> <p>Бұл кім? Бұл – аға.</p> <p>Бұл кім? Бұл – іні.</p> <p>Бұл кім? Бұл – әпке.</p> <p>Бұл кім? Бұл – сіңілі, қарындас.</p> <p>Бейнежазба көру</p> <p>«Менің отбасым»</p> <p>«Менің отбасым» фонарик ойыны</p> <p>Шарты: киіз үйде отырған адамдарды фонарик арқылы көріп, отбасы мүшелерін қазақша атау керек</p> <p>Саусақ жаттығуы «Отбасы»</p> <p>Бас бармағым — атам,</p> <p>Балан үйрек – әжем,</p>		<p>рөлдерді ойнап көрсетеді. Әр балаға әр отбасы мүшесінің рөлін ойнауға мүмкіндік беріледі.</p> <p>Қорытынды:</p> <p>Отбасы – бұл біздің өміріміздегі ең жақын адамдар. Біз бір-бірімізге қамқор болып, көмектесуіміз керек.</p> <p>Балаларға: "Сендер өз отбастарыңды жақсы көресіңдер ме? Неге?" деген сұрақ қойылады.</p> <p>Әр бала өз отбасы туралы жылы сөз айтады, мұғалім белсене қатысқаны үшін мақтайды.</p> <p>Рефлексия:</p> <p>Балалардан не ұнағанын және не үйренгенін сұрау.</p>		
--	---	--	---	--	--

	<p>Орған терек – әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкентай бөбек – мен, Бұлардың барлығы менің отбасым.</p> <p>- Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын. Оның жауабын табындар.</p> <p>Жұмбақ. Ертегі айтып береді. Сені жақсы көреді. Мейірімді бұл кісі. Қандай ғажап күлкісі! (Әже.) Балалар жауабын айтады.</p> <p>- «Әже» сөзінде бірінші қай дыбыс естіледі? - Балалар, «Ә» дыбысын айтып көрейікші. - Ә - ә - ә - ә. - Қалай айтылып тұр? - «Ә» әрпін әндетіп, кедергісіз айтамыз.</p> <p>Бейнежазба көру «ә» дыбысының айтылуы Ә – қазақ тіліне тән дыбыс. «Ә ә» - жіңішке дауысты дыбыс. [ә] дыбысын айтқанда тілді алдыңғы тістерге жылжытып, тілдің ортасын аздап дөңестендіреміз.</p> <p>Буынды ұйқас. Сә-сә-сә, тә-тә-тә, Дә-дә-дә, лә-лә-лә.</p> <p>«Дыбыстық еліктеу» ойыны - Балалар, суретте Айсулу өзінің қуыршағын ұйықтатып</p>				
--	--	--	--	--	--

	<p>отыр. Айсұлу: «Ә-ә-ә! Ә-ә-ә! Ә-ә-ә!» Біз де оған көмектесейік. «Ә-ә-ә!» деп әндетеміз (қолымызбен тербетіп көрсетеміз). Әндеткенде балаға ауызды сәл ашуды көрсетеміз. Сергіту сәті. Әлди-әлди, бөпешім, Ұйықтай қойшы, көкешім. Саусақтарың майысып Ұста болар ма екенсің? Күйші болар ма екенсің? Балалар өлең мәтініне сәйкес қимылдарды орындайды. Қорытынды: Рақмет айту. Мадақтау. Қоштасу.</p>				
<p>Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</p>	<p><u>Ересек топ</u> Тыңда, қайтала. Бұл кім? Бұл – ата. Бұл кім? Бұл – әже. Бұл кім? Бұл – әке. Бұл кім? Бұл – ана. <u>Мектепалды топ</u> Отбасың туралы айт. Бұл – менің отбасым. Бұл – менің әкем. Оның аты – Әділбек. Ол күшті. Бұл – менің анам. Оның аты – Жансая. Ол әдемі. Бұл – менің інім. Оның аты – Айдар. Ол ақылды. Мен отбасымды жақсы көремін.</p>		<p><u>Мектепалды топ</u> Саусақ жаттығуы «Отбасы» Бас бармағым — атам, Балан үйрек – әжем, Ортан терек – әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкентай бөбек – мен, Бұлардың барлығы менің отбасым.</p>		

«Хан алшы» ойыны

Бұл ойынға бес немесе он бала қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл «Хан» асығы болып есептеледі. Асықтар тізіліп қойылады да, бастаушы хан асығымен оларды көздеп құлатады. Құлаған асықтарды жинап, өзіне алады. Егер біреуін де құлата алмаса, кезекті келесі ойыншыға береді. Сөйтіп ойын жалғаса береді. Тізілген асықтар біткен сәтте ойыншылардың асығы саналады. Кім көп асық жинаса, сол жеңімпаз атанады.

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау